

"Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) нотариат мәселелері бойынша толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 15 тамыз N 899

Ескерту. Заңның жобасы Қазақстан Республикасының Парламентінен қайтарылып алынды - ҚР Үкіметінің 2003.04.15. N 360 қаулысымен .

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) нотариат мәселелері бойынша толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы
Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне
(Ерекше бөлім) нотариат мәселелері бойынша толықтыру
енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 16-17, 642-құжат; N 23, 929-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; N 22, 408-құжат ; 2001 ж., N 24, 338-құжат, 2002 жылғы 24 мамырда "Егемен Қазақстан" және 2002 жылғы 25 мамырда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мемлекеттік мүлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 21 мамырдағы Заңы) мынадай толықтыру енгізілсін:

846-баптың 2-тармағы "жазбаша нысанда жасалады" деген сөздерден кейін "және тараптардың біреуі жеке тұлға болған жағдайда, нотариатта куәландырылуға тиіс" деген сөздермен толықтырылсын.

2-бап. Осы Заң жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті